

**Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын (жиынын) өткізудің және шешімдерін қабылдаудың ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2011 жылғы 29 маусымдағы N 297 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 02 тамызда N 4273 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 21 тамыздағы N 140 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 21.08.2013 N 140 шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3-бабының 2-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса берілген "Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын (жиынын) өткізудің және шешімдерін қабылдаудың ережесі" бекітілсін.

2. "Қызылорда облысында жергілікті қоғамдастықтар жиналысын (жиынын) өткізу және шешімдер қабылдау ережесін бекіту туралы" Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 26 маусымдағы N 163 шешімі жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық  
мәслихатының ХХХХІ  
сессиясының төрағасы М. Әбілқасымов

Қызылорда облыстық  
мәслихатының хатшысы Н. Құдайбергенов

Қызылорда облыстық мәслихатының  
2011 жылғы 29 маусымдағы  
N 297 шешімімен бекітілген

**Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын (жиынын) өткізу және шешімдер қабылдау**

**ЕРЕЖЕСІ**

Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын (жиынын) өткізудің және шешімдерін қабылдаудың тәртібін айқындайтын осы Ереже Қазақстан Республикасының Конституциясына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес әзірленді.

## **1. Жалпы ережелер**

1. Жергілікті қоғамдастықтың жиналысы (жиыны) (бұдан әрі-Жиналыс) әкімшілік-аумақ шегінде тұратын тұрғындардың тікелей пікір білдіруінің бір түрі болып табылады және жергілікті маңыздағы мәселелерді талқылау үшін ө т к і з і л е д і .

2. Жергілікті қоғамдастық мүшелері жиналысқа өзі қатысады және олардың әрқайсысы бір дауысқа ие болады.

3. Қазақстан Республикасының азаматын жергілікті қоғамдастық мүшесі ретінде тану үшін оның жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу ф а к т і с і н е г і з б о л а д ы .

Жергілікті қоғамдастық аумағында тұрақты тұратын жері бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңында немесе халықаралық шартта белгіленген шектерде жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыруға қатысады.

## **2. Жиналыс өткізудің бастамашылары**

4. Жиналысын өткізуге:

- 1) жергілікті қоғамдастық мүшелері;
- 2) тиісті мәслихат;
- 3) тиісті әкім бастамашы болуы мүмкін.

## **3. Жиналысты тағайындаудың және өткізудің тәртібі**

5. Жиналыс ол туралы жазбаша ұсыныс (шешім) жергілікті өзін-өзі басқару органдарына енгізілген күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей ө т к і з і л е д і .

6. Жиналыстың өтетін күні мен орны, оның қарауына енгізілетін мәселелер, сондай-ақ, олар бойынша қабылданған шешімдер бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға жатады.

7. Жиналысты жүргізу үшін оған қатысушылардың қалауы бойынша

төрағадан, хатшыдан және басқа да адамдардан тұратын төралқа сайланады.

Жиналыстың төралқасының құрамын сайлау, күн тәртібін және оны өткізу регламентін бекіту Жиналысты өткізу бастамашысының немесе Жиналысқа қатысушылардың ұсынысы бойынша қатысушылардың көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

Жиналыс төрағасы жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және олардың лауазымды тұлғаларымен өзара қатынаста Жиналыс атынан сөйлейтін өкілетті тұлға болып табылады.

8. Жергілікті қоғамдастық мүшесі Жиналыс өткізу кезінде жергілікті өзін-өзі басқаруды жүргізуге байланысты мәселелер көтеріп, ұсыныстар енгізе алады.

#### **4. Жиналыстың шешімдерін қабылдау тәртібі**

9. Жиналыстың шешімдері қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен рәсімделеді.

Хаттамада Жиналыстың өткізілген күні мен орны, оның жұмысына қатысқан жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны және онда қабылданған шешімдер көрсетіліп, оған Жиналыс төрағасы және хатшысы қол қояды.

10. Жиналыстың шешімдері ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

11. Жиналыста қабылданған шешімдер қандай да бір мемлекеттік билік органдарының, олардың лауазымды тұлғаларының немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бекітуін қажет етпейді және жергілікті өзін-өзі басқару органына жіберілуі мүмкін.

12. Жиналыста қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда қоғамдастық мүшелері немесе басқа тұлғалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары тәртібімен сәйкес оған шағым бере алады.

13. Жиналысты дайындауды және өткізуді қаржыландыру жергілікті қоғамдастық қаражатының есебінен жүзеге асырылады.